

**ОҚУ ОРДАСЫНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІМЕН  
жұртшылық жақын танысты**

ІІМ Қостанай академиясында Қылмыстық-атқару жүйесіндегі басқару және әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру кафедрасының бастығы, полиция полковнигі Н.Толқынбаевтың ұйымдастыруымен Қостанай қаласының мектеп бітіруші оқушыларына ашық есік күні өтті.

Шараны ашқан полиция полковнигі Н.Толқынбаев мектеп бітірушілерді ІІМ жоғары ведомстволық оқу орнының қабылдау тәртібі мен оқу шарттары бойынша ақпараттандырды.

Бәрімізге мәлім, Қостанай академиясы қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері және ішкі істер органдары үшін сотталғандарды түзеу және жазаларды орындау мәселелері бойынша ғылыми – зерттеу жұмысын жүргізетін, «құқық қорғау қызметі», «педагогика және психология» және «әлеуметтік жұмыс» мамандарын даярлайтын арнайы мамандандырылған оқу орны болып табылады. Оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде мемлекеттік бюджет есебінен жүзеге асырылады.

Түлектерге «полиция лейтенанты» арнайы атағы мен «бакалавр» академиялық дәрежесі беріледі. Полиция полковнигі Н.Толқынбаев 2014 жылы Ресей Федерациясы ІІМ жоғары оқу орындарына талапкерлерді іріктеу жоспарына сәйкес РФ ІІМ Омбы, Волгоград академиялары мен Санкт-Петербург университетіне талапкерлердің оқуға жіберілгендігін айтып өтті.

Сонымен қатар, 2014 жылғы 9 желтоқсанда Үкімет қаулысымен Академияға мемлекет және қоғам қайраткері, ішкі істер генерал-лейтенанты Шырақбек Қабылбаевтың есімі берілген болатын.

Іс-шара барысында жауынгерлік және дене дайындығы кафедрасының бастығы, полиция полковнигі Ю.Щур дене дайындығы бойынша, медицина бөлімінің бастығы Д.Ахметов медициналық-психологиялық қойылатын талаптарды, ал кадр жұмысы бөлімінің инспекторы, полиция капитаны Е.Дроздовская талапкердің жеке ісіне жинақталатын құжаттар туралы мәліметтермен бөлісті. Талапкерлер өз тарапынан оқу ордасының қызметкерлеріне бірнеше сұрақтарын қойды.

Талапкерлер үшін оқу ордасының қызметкерлері Академияның мұражайына, эстетикалық тәрбиелеу орталығына, асхана және спорт кешеніне экскурсия жасап, кәсіптік бейімдеу түріндегі үгіт-насихаттау материалдарымен танысты.

Көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысатын күндізгі оқыту факультетінің 1, 2 курс тыңдаушылары ашық есік күніне арнап өздерінің шағын концерттік бағдарламасын ұсынды. Концерттік бағдарламада «Қазақ елі!», «Асыл досым» әндерімен «Қазіргі би» билерін және республикалық, облыстық деңгейлерде жүлделі орындарды иеленген спортшыларымыз қоян-қолтық ұрыс, қазақша күрес, басқа да спорттың әртүрлі әдіс-тәсілдерін көрсетті.

Өмірде мамандық таңдау оңай жұмыс емес Таңдаған мамандық әр адамның сүйікті ісіне айналуы қажет. Ең бастысы, мамандық таңдаудан жанылмай, өз өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау қажет.

Қостанай академиясы талапкерлерді «құқық қорғау қызметі», «педагогика және психология» және «әлеуметтік жұмыс» мамандықтары бойынша оқуға түсуге шақырады.

Орынбасар Уақпаева  
ІІМ Қостанай академиясы